



Ақмешіт

15 маусым
сейсенбі
№47 (1749)
2021 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



ҚАЛА ӘКІМДІГІНДЕ

«Жасыл» аймаққа енгенімізбен өңірде вирустың алдын алу шаралары өз күшін жойған жоқ. Қазіргі күннің өзінде сақтық шараларын қатаң ұстану, вирусты жеңу жолдары басты талап болып отыр. Осы орайда адам көп шоғырланатын жерлерде санитарлық талаптарды сақтау маңызды. Сол себептен өткен аптада қала әкімі Фанибек Қазантаев базар басшыларымен кездесті.

БОСАҢСУҒА БОЛМАЙДЫ



Әкімдікте өткен жиынға шаһарда сауда орталықтары мен базар басшылары, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов пен облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Динара Жаңабергенова қатысты.

«Қазір індеттен айығудың алғышарты санитарлық талаптарды ескеру мен инфекцияға қарсы екпе салдыру. Сол себепті тұрғындарды ұжымдық иммунитет қалыптастыру үдерісін кеңейтуіміз керек», – деді қала басшысы өз сөзінде. Сондай-ақ ол вакциналау науқанын күшейту керек екенін айтып, ол үшін қажет болса екпе алушыларды арнайы көлікпен қамтамасыз ететінін жеткізді.

Аймақтың бас дәрігері Сәбит Пазылов өңірде эпидемиологиялық ахуал әлі де болса тұрақсыз екенін, бір айдың өзінде 1700 адам вирус жұқтырғанын және вирусты жеңудің басты жолы вакциналау екенін айтты. Басқарманың жоспары бойынша 400 мың тұрғынға екпе салу керек. Бірақ әзірге коронавирусқа қарсы вакцинаны алғандардың саны бірінші этап бойынша 23 процентті, яғни тек 100 мыңнан астам адамды қамтып отыр.

Облыстың бас санитар дәрігері Динара Жаңабергенова осы вакциналау науқаны арқылы иммунитет қалыптасқанын айтса, базар басшылары екпе алуға дайын екендіктерін жеткізді.

А.ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЖАС ТҮЛЕК!

Сыңғырла қоңырау, қош бол мектеп! Мектеппен осылай қоштасқан оқушылар ары қарай түлектер және талапкер болатыны белгілі. Алтын ұяларынан алысқа қанат қаққан түлектерді алда жаңа өмір күтіп тұр. Өткен аптада мектеп бітірушілерге аттестат тапсырылды. 11 жыл білім алған шәкірттер «тарыдай етіп қабылдап, таудай етіп шығарған» алтын ұяларымен қимай қоштасты. Айта кетейік, биыл қала бойынша 2254 түлек білім ұясын бітірді. Оның ішінде 180 оқушы алтын белгі иегері атанса, 192 түлек үздік аттестатқа лайық деп танылды.

Жас түлектерді облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар демекші, жыл сайын «Алтын белгі» мен үздік аттестатқа иегер түлектеріміздің саны артуда. Соның бірі №1 Қ.Мұхамеджанов атындағы мектеп-гимназиясының бітіруші түлегі Жансая Бақытбек. Оның айтуынша, алға қойған негізгі мақсаты жоғары оқу орнына түсіп, өзі қалаған мамандықтың иесі атану.

– Алғаш қолыма қалам ұстатып, жазу-сызуды үйретіп, әріп танытқан ұстаздар еңбегін ұмытпаймын. Оларға деген ғишар-шылығымыз шексіз. Мұғалімдердің бала-лығымызды кешіріп, дұрыс жолды таңдай білуге сіңірген еңбегі зор. Соңғы оқу жылының көбін онлайн өткіздік. Барлық қатарластарымды бүгінгі ерекше күндерімен құттықтаймын, – дейді жас түлек.

Бырай Алтынсарин «Жүректің бартырлығын қажет ететін мамандықтың тізгінін ұстау – ерекше бақыт. Ұстаз мәртебесін иелену, шәкірт жүрегінен

орын табу – маңдайға жазыла бермейтін бақ», – деген екен. Ажаркүл Даукиева білім мен тәрбиені қатар ұстап, өзі тәрбиелеп отырған шәкірттерінің жүрегінен таланты мен тектілігін тоғыстырған бақытты жан. «Ұстаздық ету – жой ғана кәсіп емес, ешкімге бұйыра бермейтін ұлы – өнер». Бұл – ұлағат иелері жайлы айтқан Елбасының сөзі. Осындай қолдаудың арқасында, Ажаркүл Әбибуллақызы ұрпақ тәрбиесі жолында аянып қалған емес.

– Бұл күн – мектеп тарихында, бітіруші түлектердің есінде мәңгі өшпейтін күн. Өнері мен білімін өз бойларына өре білген еліміздің ертеңгі тізгінін қолға алар азаматтардың үлкен жолға қадам басар шағы. Болашаққа қанат қағатын бұл сәт – әрбір оқушы үшін ең бір қымбат, ең бір қимас күндер ретінде естерінде мәңгілік қалары сөзсіз. Біз оларға білім бердік, ҰБТ-ға дайындық. Енді міне, жаңа өмірге қадам басты. Жолдары ашық болсын, – дейді №10 Бырай Алтынсарин атындағы мектеп-лицейінің ұстазы.

– Осыдан он бір жыл бұрын мектеп табалдырғын алғаш аттаған қызым оқуды тәмамдады. Сөзім ерекше. Бүгін олар бір-



бірімен, ұстаздарымен, мектебімен қимастықпен қоштасады. Осы он бір жылдың адам өміріндегі маңызы ерекше. Үлкен өмірге қадам басды. Сыңғырлаған қоңыраудың үні соншалықты тәтті, соншалықты қимас үн болатынын түлектер алдағы уақытта сезінеді, – дейді ата-ана Жанар Молдабаева.

Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...



АЗЫҚ-ТҮЛІК КҮН САЙЫН ҚЫМБАТТАП ЖАТЫР

– Картоп қаншадан болып жатыр?
– Келіңіз, 350 теңгеден. Кеше ғана Сарыағаштан келген жаңа өнім.
– Қызанақ қанша?
– 600 теңге.


– О, тоба! Сендер немене бағаны күнделікті қосып жатысындар ма? Кеше ғана 500 теңгеден алып кеткенмін. Бұл – базарда болған әңгіме ауаны. Иә, қазір азық-түлік бағасы аспандап тұр. Базарға барсаң қос қалтанды қағып шығасың. Алмайын десең ас керек, алайын десең түрі осы.

БАҒАҒА БҰҒАУ БОЛА МА?

Күн тәртібінде тұрған өзекті мәселенің мән-жайын білмек болып, сауда орындарын аралап көрдік. Теңіздің дәмін тамшысынан білесің демекші бәрінің бағасы бір-біріне деңгейлес екенін аңғардық. Дегенмен бірлі-жармын жазып өтейік. Біз аялдаған алғашқы нысан «Small» сауда орталығында картоптың келісі – 349 теңгеден. Өсімдік майының 5 литрі 3995 теңгеден сөрелерде самсап тұр. Жұмыртқаның бір данасы 50-55 теңге. Азық-түліктің қай түрі болсын бағасы басынды айналдырады. Ал «Жайна» сауда базарында оңтүстік өңірінен келген картоптың биылғы өнімі түрі 280 – 300 теңгенің көлемінде. Пияздың келісі 150 теңгеден сатылуда. Сүт өнімдерінің бағасы да сананды сан саққа жібереді. Саудагерлердің айтуынша, сүт өнімдері көбіне еліміздің Оңтүстік және Солтүстік өңірлерінен әкелінетін көрінеді. «Арай» сауда орталығында да азық-түлік өнімдерінің бағасы әртүрлі деңгейде қойылған. Бір байқағанымыз, бағаларында байлам жоқ. Осылай базар бағасын саралап жүргенде екі тұтынушының сөзі кенет ойымды бөліп жіберді. «Тамақты суға қайнатып жигітін шығармыз. Бұрынғы кезде ата-бабаларымыз солай күн көрген ғой. Қайтеміз енді? Қазір картоп дегенді ұмыттық дейді екіншісі мұның сөзін қостай кетіп». Халықтың аузына қақпақ бола алмайсың. Ойлаптық қалдым. Сәлден соң келесі қатарда қасында немересі бар бір ақсақалды әңгімеге тарттым.

2 БЕТТЕ

САРАПТАМА



ЦИФРЛЫ ТЕНГЕ: БҰЛ – ҚАНДАЙ АҚША?

Цифрланған ғасырда өмір сүріп жатырмыз. Күн сайынғы жаңалыққа тамсанудың өзі артық болар. Басын талап – уақыт көшіне йтесу. Заман талабы немесе пандемия әсері дейміз бе, цифрландыру игілігін пайдалану дайындығымызға қарамады. Қашықтан білім алу, жұмыс істеу, онлайн төлем, үйде отырып дүкен аралау секілді жаңа әлемге еніп кеттік. Әрине, бұл технологияны түгел меңгергенімізді білдірмейді. Дегенмен жетістігімізді де, кемшілігіміз де іс барысында сыналуда.

2 БЕТТЕ

АТАМЕКЕН, МЕН СЕНІ БІЛЕМІН БЕ?



Қазақстанның орталығында орналасқан – Қарағанды облысы еліміздің табиғи байлық көзі екені бәрімізге мәлім. Иә, Қарағанды кенге бай, қазыналы өлке. Газетіміздің дәстүрлі «Атамекен мен сені білемін бе?» айдары бұл жолы Қарағанды өңіріне сапарламақ.

КЕНГЕ БАЙ, ҚАЗЫНАЛЫ ӨЛКЕ

4 БЕТТЕ

Цифрлы әлемнің ендігі тапсырмасы – цифрлы теңгені қолданысқа енгізу. Бұл жеті рет өлшен бір рет пішінді, зерттеуді қажет етеді. Бұл – жаһан елдеріне ортақ мәселе. Бүгінде бірқатар елдер ұлттық валюталарының цифрлы нұсқасын сынантан өткізуді бастап та кетті.

Деректерге сүйенсек, зерттеушілердің цифрлы валютаға деген қызығушылығы теориялық талқылаулардан бүкіл әлем бойынша пилоттық жобаларды іске асыруға тез ауысуда. Мәселен, Биыл халықаралық есеп айырысу банкінің жүргізген сауалнамасына қатысқан 65 орталық

міндеттемелерінің тағы бір көрінісі. Бұл ретте ол қолма-қол және қолма-қол емес ақшаның бірқатар ерекшеліктерін біріктіреді, сондай-ақ іскерлік айналым қатысушылары мен мемлекеттік институттар үшін жаңа функционалды мүмкіндіктер ашады. Цифрлы теңге қолма-қол ақшаны немесе қолма-қол емес ақшаны алмастыруға арналмаған, ақшаның қосымша нысаны ретінде бірге жұмыс істейтін болады. Ұлттық валютаның жаңа түрі экономиканың барлық нысандары төлемдер мен есеп айырысуларды жүзеге асырған кезде

метрлер мен функцияларды тестілеу, әлеуетті зерттеу жалғасуда. Цифрлы юаньды іске қосу 2022 жылы Олимпиада ойындарын өткізу кезінде іске қосу жоспарланған. Ал Ресейдің Орталық банкі цифрлы рубльдің енгізілуін белсенді түрде зерттеуде. Өткен жылдың қазан айында цифрлы рубль тұжырымдамасын ұсынса, 2022 жылы тестілеу өткізу болжануда.

САРАПШЫЛАР НЕ ДЕЙДІ?

Цифрлы теңге туралы білгісі келген жұрт сарапшылар пікіріне сүйенетіні белгілі. «Капитал» газеті бірқатар сарапшылар пікірін жариялаған болатын. Сарапшылардың пікіріне көз жүгірткенді жөн көрдік.

«Альпари» аға талдаушысы Анна Бодрова іс жүзінде қазір ұлттық банк цифрлы валютаны енгізу тұрғысынан әлемдік әріптестерінен қалып қоймауды маңызды сапайтын аятады. Сарапшының айтуынша, цифрлы валюта – бұл қауіпсіздік, транзакция жылдамдығы және есепке алу мен бақылаудың қарапайымдылығы. «Мұның бәрі экономика үшін жағымды, бірақ дамып келе жатқан экономикалық жүйе мұндай артықшылықтарды сезінбеуі мүмкін. Цифрлы теңгені енгізу үшін тәуекелдер іс жүзінде жоқ, бірақ мұнда әлемдік тәжірибе мен технологияны ескеру және егер оны тиімді пайдалануға болатын болса, енгізілген жөн. Бұл заманауи және технологиялық талаптарға сай», – деп есептейді сарапшы.

«SoftLink» талдаушысы Дмитрий Лукашов Қазақстан Ұлттық банкінің цифрлы валютаны әзірлеуі уақыт талабы

және қажеттілік деп пайымдайды. «Цифрлы теңгені енгізу Қазақстандағы экономикалық өсімді жеделдетіп, ақшалай төлемдерді қауіпсіз әрі жылдам етуге тиіс. Бұл транзакциялардың ашықтығын, салықтардың жиналуын арттыру есебінен Қазақстанның барлық қаржы жүйесінің тұрақтылығын арттырады, сондай-ақ заңсыз кірістерді анықтауға белсенді іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді», – дейді. Оның айтуынша, Қазақстан экономикасын цифрландыруды жеделдету де маңызды. «Цифрлы теңгенің артықшылығы ақша аударымдарының ашықтығы және олардың нақты банктерден, сондай-ақ SWIFT халықаралық жүйесінен тәуелсіздігі болады. Бұл оның айналым шығындарын азайтады», – дейді ол. Сарапшының пікірінше, цифрлы теңгені қолдану бөлігін қаражаттың мақсатсыз пайдаланылуын болдырмауға мүмкіндік береді. Бұл әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік және муниципалды бюджеттердің шығындарында да, ірі мәмілелер жасау кезінде, соның ішінде тұрғын үй нарығында

азаматтар арасындағы есептесулерде де пайдалы болуы мүмкін.

«DAMU Capital Management» бас директоры Мұрат Қастаев орталық банктің цифрлы валютасын енгізу – бұл криптовалюталарға қызығушылықтың өсуіне және капитал ағынына тап болған орталық банктер үшін қажетті шара деп санайды. «Мемлекет үшін бақыланбайтын эмиссиямен және айналыммен криптовалюталардың еркін айналымы мүмкіндігін болдырмай, орталық банктер криптовалюталардың барлық артықшылықтарын пайдалану және олардың кемшіліктерін болдырмау мүмкіндігін зерттейді. Бүгінгі таңда әлемдегі 50-ге жуық орталық банк өз цифрлы валютасымен жұмыс істеуде. Цифрлы теңгенің оң қасиеттерінің бірі жеке жіктеу және мемлекеттік шығыстар шеңберінде ақшаның қосымша қадғалануы болуы мүмкін, бұл сыйбалас жемқорлықтың төмендеуіне ықпал етуі мүмкін», – дейді ол.

«Финам» компаниялар тобының талдаушысы Леонид Делицын қазір көптеген орталық банктердің цифрлы валюталарды енгізуге ұмтылуының басты себептерінің бірі әлем үлкен деректер мен жасанды интеллект дәуіріне енуінен деп санайды. «Ал қарапайым халыққа әсеріне келетін болсақ, смартфонды жоғалтпаған адам үшін өзгерістерді байқау өкітәлі», – дейді сарапшы.

ҚАУІПСІЗ ВАЛЮТА

Цифрлы валютаның артықшылығы туралы экономист-сарапшы, UIB бизнес мектебінің директоры Мақсат Халықтың пікірін білдік. Экономист оның артықшылығы қауіпсіздігінде дейді.

– Цифрлы теңге туралы айтылып келе жатқанына да біраз жыл болды. Биыл жыл соңына дейін айналысқа енгізу жоспарлауда. Өрине, алғашқы кезде эксперимент ретінде қолданылады. Мұның электронды қарточкалық ақшадан айырмашылығы әрбір цифрлы теңгенің жеке номері болатындығында. Мұны «токен» деп атайды. Яғни қолма-қол ақшадағы банкноттардың номері болған сияқты. Ал қолма-қол ақшадан айырмашылығы – цифрлы электронды сипатта болуы. Цифрлы теңгенің электронды ақшамен де, қолма-қол ақшамен де байланысы бар. Цифрлы валютаның жеке номерлерінің болуы оның қауіпсіздігін арттырады. Мәселен, біз ұялы телефонымызды жоғалтып алсақ, электронды әмиян қосымшасы телефонмен бірге кетеді. Парольді біліп алған адам электронды әмияндағы ақшаны пайдалануы мүмкін ғой. Бірақ қауіпсіздігі сол, әр теңгенің номері болуында. Құзыры орындар ұрланған ақшаның қай жерде төленгенін анықтай алады және ұрыны ұстады. Сондай-ақ банкетегі есепшоттарға кибершабуыл болып, ақшаның жоғалып кететіні бүгінде жиі естіміз. Цифрлы валютаның артықшылығы да сол, кибершабуылға төтеп бере алады. Жалпы қарапайым тұрғындар үшін қолайлысы бір қандай келесі банкетегі есепшоттарға ақша аударғанда комиссия ұсталса, цифрлы валютада ешқандай комиссия ұсталмайды. Демек қолдануға ыңғайлы.

P.S. Әзірге цифрлы валютаның қыр-сыры талқылануда. Ал оның қаншалықты тиімді болатыны уақыт еншісінде.

Гүлмира ДИЛДӘБЕКОВА

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Жаз мезгілінде тұрғындарға аса қажеттісі – аяқ суы. Аулаға екен бау-бақшаны суаруға, жасыл желектерді жайқалтуға септігі тиетін аяқ суды әр аумаққа жеткізу маңызды. Міне, осы аяқ суды айдайтын шаһардағы насосқа тағы біреуі қосылды. Бұл – Тасбөгет кентіне қойылған су айдайтын құрылғы.

ТАСБӨГЕТКЕ ТАҒЫ БІР НАСОС ҚОЙЫЛДЫ



Бұған дейін кенттің 17 көшесін аяқ сумен қамтып отырған екі насос бар еді. Облыстық мәслихат депутаты Бауыржан Тұрсымбайұлының демеушілігімен үшінші насос іске қосылды. Ол қондырғы Е.Бозғұлов көшесі бойындағы көпқабатты үйлердің арасында, облыстық балалар ауруханасы мен облыстық «Дарын» мектеп-интернаты аумағына аяқ су жеткізуге қызмет етпек.

Мәслихат депутатының халықтың қамы үшін жасаған игі ісіне қала әкімі де өз алғысын білдіріп, мұндай жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табатынын айтты.

А.НУРАЗҒАЛИ



ЦИФРЛЫ ТЕНГЕ: БҰЛ – ҚАНДАЙ АҚША?

банктің 86 проценті цифрлы валютаны енгізуді зерттеуде. Олардың 60 проценті технологиялық сынақ сатысына жетсе, 14 проценті пилоттық жобаларды іске асыруда. Қазақстан цифрлы валютаны зерттеуге тартылған елдердің қатарында. Өткен жылдың қараша айында Ұлттық банк цифрлы валютаны енгізу жөніндегі зерттеу жобасын іске асырудың басталғанын жарияласа, биыл мамырдың 5-і күні қоғамдық талқылауға арналған баяндамасын жариялады.

АҚША АУЫСПАЙДЫ

Цифрлы валюта туралы естіген қарапайым халық мұны түсіне алмай «ақша ауыса ма?» деген сұрақты жиі қояды. Көп көкейіндегі сұрақтың жауабы біреу ғана. Ақша ауыспайды.

Ұлттық банк зерттеу баяндамасында цифрлы теңгеге мынадай анықтама береді: «ҚР Ұлттық банкі валютаның үшінші нысаны – цифрлы теңгені енгізу мәселесін қарауда. Цифрлы теңге – ақшаның барлық ерекшеліктері мен функцияларына ие

қолжетімді болады. Цифрлы теңге жеке электронды әмияндарға жазылатын және олардың арасында орын ауыстыра алатын бірегей цифрлық реттік форматында шығарылатын болады. Сонымен қатар Ұлттық банк цифрлы платформаны технологиялық іске асырудың басқа да нұсқаларын қарастырады. Бұл ретте іске асырудың кейбір технологиялық тәсілдері интернет желісіне қосылмай-ақ цифрлы теңгемен алмасуды қамтамасыз ете алады. Сонымен қатар цифрлы теңгені онлайн-транзакциялар үшін пайдалануға болады. Осылайша цифрлы теңге орталық банктің цифрлы валютасы болып табылады».

Баяндамада айтылғандай, бүкіл әлемдегі орталық банктердің цифрлы валютаға қызығушылығы артса да, осы күнге дейін терминнің жалпыға бірдей танылған анықтамасы қалыптасқан жоқ.

БЕЛСЕНДІ ЕЛДЕР

Цифрлы валютаны енгізуде белсенді елдер қатарында Қытай көш бастап тұр. 2020 жылғы сәуірден бастап цифрлы юань Қытайдың төрт ірі қаласында сыналды. Бүгінде Қытайдың цифрлы валютасына арналған инфрақұрылым да, серверлік инфрақұрылым да реттелген. Жаңа пара-

және қажеттілік деп пайымдайды. «Цифрлы теңгені енгізу Қазақстандағы экономикалық өсімді жеделдетіп, ақшалай төлемдерді қауіпсіз әрі жылдам етуге тиіс. Бұл транзакциялардың ашықтығын, салықтардың жиналуын арттыру есебінен Қазақстанның барлық қаржы жүйесінің тұрақтылығын арттырады, сондай-ақ заңсыз кірістерді анықтауға белсенді іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді», – дейді. Оның айтуынша, Қазақстан экономикасын цифрландыруды жеделдету де маңызды. «Цифрлы теңгенің артықшылығы ақша аударымдарының ашықтығы және олардың нақты банктерден, сондай-ақ SWIFT халықаралық жүйесінен тәуелсіздігі болады. Бұл оның айналым шығындарын азайтады», – дейді ол. Сарапшының пікірінше, цифрлы теңгені қолдану бөлігін қаражаттың мақсатсыз пайдаланылуын болдырмауға мүмкіндік береді. Бұл әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік және муниципалды бюджеттердің шығындарында да, ірі мәмілелер жасау кезінде, соның ішінде тұрғын үй нарығында

P.S. Әзірге цифрлы валютаның қыр-сыры талқылануда. Ал оның қаншалықты тиімді болатыны уақыт еншісінде.

Гүлмира ДИЛДӘБЕКОВА

ТҮРҒЫНДАР НЕ ДЕЙДІ?

– Мен осы қаланың байырғы тұрғынының бірімін. Қазір зейнет жасындамын. Азық-түлік өнімдерінің бағасын айта-айта шарашады. Бұған да тәубе айтып, барына қанағат етем. Өйтпегенде қайтсем енді. Өзімізден шығатын жергілікті өнімнің өзін ұдай қымбат ақшаға сатып алатынымыз жаныма батады. Карантин кезінде халықтың тұтынатын өнімдері артқанын аңғарамын. Өйткені кез келген жерге барсаң кезек күтіп тұрған халықты көресің. Қазіргі кезде әлем рыноктарында жағдай белгілі. Бірақ біздегі азық-түлік бағасы әлі реттелер емес. Анығында ақиқаты осы. Сыр өңірінде бақша дақылдарынан бөлек жеміс-жидек түрлері де көптеп шығады. Ал оның сауда сөресілеріне түскендегі бағасына еріксіз бас шайқайсың. Сырттан әкелінетін өнімдерді атамай-ақ қояын. Ол – ұзақ әңгіме. Қазақстан азық-түлік өнімдерінің басым бөлігін импорттайтын есітіп жатамыз. Кәсіпкерлер әлемдік рыноктардағы ахуалды пайдаланып, өз пайдасын асырып тұрады. Сонда ортақ бақылау болмайтыны ма? Айналып келгенде халықтың қалтасына салмақ салады. Бағаға бұғау бола ма? Осыларға әкімшілік шектеу шараларын қою қажет, – дейді қала тұрғыны Ыдырыс Айбергенов есімді ақсақал.

САУДАГЕРДІҢ СӨЗІ

Құрманқұл есімді «Жайна» базары саудагерінің сөзінше, соңғы айларда кейбір азық-түлік тауарлардың құны аптасына екі есеге қымбаттаған. «Ұн, шай, картоп, қызанақ, қияр және өсімдік майының бағасы тіптен ақылға қонымсыз. Бізге солай қымбат болып келеді. Көретін пайдамыз 5-10 теңгенің көлемінде ғана. Одан түскен ақшаны жалға тұрған жерімізге төлейміз. Бағаның қымбаттауы туралы дүйім ел дабыл қағып айтып жатыр. Бұл бізге де оңай соғып тұрған жоқ. Осы бағаға бізде азық-түлік сатып алып жүрміз. Біздің қолымызда тұрған дөңене жоқ. Халқымызда «тоқпақ мықты болса, киіз қазық жерге кіреді» деген тәмсіл сөз бекер айтылмаған. Егер жоғары жақтан бағаны төмендету және тұрақтандыру туралы заң шықса бәрі бір күнде реттеледі», – деген пікірін жеткізді.

Басы 1-бетте



АЗЫҚ-ТҮЛІК КҮН САЙЫН ҚЫМБАТТАП ЖАТЫР

ҮШ ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ ЕДІ?

Енді 2018 жылғы азық-түлік бағасын бағамдаңыз. Облыстық «Сыр бойы» газетінде жарияланған ресми мәліметке сүйенсек, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ақпараттық-маркетингтік жүйесі азық-түлік өнімдерінің бағаларына мониторинг жүргізген.

Нәтижесінде қала орталығында өнім түрлерінің бағасы мынандай: Нан – 45 теңге, күріш – 200 теңге, қарақұмық жармасы – 125 теңге, макарон – 110-140 теңге. Сары май – 450 теңге, өсімдік майының бір литрі – 310 теңге, шай (250 грамм) – 560 теңге, жұмыртқа данасы – 17 теңге, картоп келісі – 90 теңге, сиыр еті – 1250 теңге, қант – 220 теңге, тауық еті – 560-630 теңгеден. Сол жылдары «Мирас» сауда үйінің ауласында орналасқан қоймада картоп – 85-90, піяз – 65-70, сәбіз – 150-155, қырыққабат – 60-65 теңгеден сатылған. Сонда 3 жылдың ішінде азық-түлік бағасының еселеп өсуіне не себеп болған?

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ЖАНДАРЫҢЫЗ БОЛСЫН ЖӘННАТТА

Қамшының сабындай қысқа ғұмырда сыйлас жанлар мен құда-жекжаттың мезгілсіз айырылғанын ауыр сәт болмайды екен. Осыдан тура бір жыл бұрын, арасын ай араламай екі құдам мен құдашаман айырылғанмын. Алланың ісі өзіне жөн. Әкелі-балалы Боранбек Төлегенұлы құдам мен қызы Айжан Боранбекқызын еріксіз еске алып отырмын. Мына індеттің құрбаны болған Боранбек құдам қадірлі жан еді. Үлкенге іні, кішіге аға, жақынға бауыр, құда-жекжатқа сыйлы жан болатын. Қыздарын қияға қондырып, науқастылау жары Дәрібаланың тілегін тілеп, өз жұрты мен қайын жұртына, дос-жаранға қолынан келген көмегін аямайтын. Ағайын мен туыстың қайғысы мен қуанышын бірдей бөлетін.

Құдашамыз Айжан есімізге түссе жанымыз одан бетер күйзеледі. Шнеттей жас балаларды ескермеген жаратқанның ісіне еріксіз қоныс. «Жетім қозы отырар, отырар да оналар» деді ме екен. Анасынан мезгілсіз айырылған балаларымен бірге жасы ортаға келгенде жан жарынан айырылған Пернебекке Алла сабыр берсін дейміз. Жеке баспаналы болуды неше жыл бойы армандаған Айжанымның арманы орындалып, сол баспананың кілтін қолына алып тұрып, төріне оза алмағаны, балаларының кең сарайдай өз үйім деп еркін асыр салған қуанышын көре алмағаны өкінішті.

Міне, айдың беттері аударылып, жылжып жыл да толғағы тұр. Қанша жылғағанмен келмейтініне, Алладан қалай сұрасан да қайтып бермейтініне көзін жеткендей. Құдам мен құдашаман балалары мен туыстарына, Пернебекке, Дәрібалға құдағана, Жанар келініме Алла сабыр берсін. Жылжып жылдар өтсе де жадымызда болатын Боранбек құдам мен Айжан құдашамының жатқан жері жайлы, жер анасының құшағы мамық болғай деп тілеймін.

Еске алушы қазалық құдамы Құдайберген Есекей

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде азаматтарды жеке мәселелермен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242) 27-02-599 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, «Қызылорда қаласының Талсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-де 8 (7242) 21-71-07 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлаймыз.

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

ТӨР

Әлемге аян Әл-Фараби атағы,
Бізге алыстан бүгінде тіл катады.
Отырардың кең жазира даласы,
Данышпанның бопты туған Отаны.

Ту тереңнен тартқан түлек тамырын,
Ешқашанда жоғалтпайды қадірін.
Сол салтанат көрінеді төрінен,
Сары майдай сақтай білген сабырын.

...Бір кездегі қайсар қала маңайы,
Атқан таңның секілденген арайы.
Бір қызғы, туған екен Фарабта,
Фараб аттас ғалымдардың талайы.

Ізгіліктің нұрын шашқан ісімен,
Оқ бойы озық ақыл-ойы кісіден.
Әбу Насыр жарқырады жұлдызы,
Фараб аттас көп ғалымның ішінен.

Ата жұртың – қасиетті бесігің,
Фарабише сүйе білсең несі мін.
Мақтаныш қып өтті мәңгі қосақтап,
Туған жерге ұлы ғалым есімін.

Таң қалдырып кейін туған Отаның,
Жайды әлемге әл-Фараби атағың.
Өле-өлгенше Египетте жалғайды,
Отырардан бастаған ол сапарың.

Даласындай дархан болған құшағы,
Білімі зор бейне мұхит ұшаны.



Көп заманнан келеді әлі көнермей,
Ол туралы ойлы әңгіме мысалы.

...Екі көздің арасындай екі елі,
Бақ пен сордың деседі жұрт мекені.
Фарабидің атак-даңқы жер жарған,
Бір күні Әмір құлағына жетеді.

Көркем қала Халаб Шамнан аумаған,
Әсем көркі Әбу көзін жаулаған.
Шақыртып ап «отыр» депті қаланың,
Әміршісі бірде Сайф ад-Даула оған.

Мәжілісін кілт тоқтатып қат-қабат,
«Отыр» депті қатал әмір жалт қарап.

әл-Фараби іштей іркіп айтарын,
Қас-қағымдай тұрды сабыр сақтап-ақ.

Бар ғұмырын бағыштаған ғлымға,
Лайықты қай жер оған шынында?
Тыныштықты бұзыпты әмір
Тұрғанда
Біздің етпей шыбын екеш шыбын да.

...Әмір үні бейне қаққан көк дабыл,
Фарабидей қозғалмады текті әзір.
Сол жұмсарып бірте-бірте дауысы,
Үшінші рет «отырыңыз» депті әмір.

...Жағынбаған ешкімге мақтап атын,
Жағымпаздық жанына жат болатын.
«Отырайын қай жерге» деп сұрапты,
Келіпті де әмірге, таққа жақын.

Ұлы ғалым әлемге асқан аты,
Шарпыды оны көзінен шашқан оты.
Бала жастан болатын Фарабидің,
Кішілік пен кісілік қос қанаты.

...Терезеден күн нұры шала түскен,
Қаймығатын сарай бұл адам іштен.
Ары таза адамның мысы басып,
Әрқашанда мерейі болады үстем.

Жайына қап жай орын ұсынғандар,
Аңғарды оның айтпай-ақ сұсын жандар.
«Лайықты болады маған қай жер,
Жүрек өзі айтады,
Қысылмандар!»

Аспай-саспай осылай депті ғалым,
Жанарынан жарқылдап отты жалым.
Сөйтіпті де әмірді ығыстырып,
Отырғаны таңданып кетті бәрін...

Адам атын құрысын ақтамаған,
Әбу баба, өзіңмен мақтана алам.
...Тауып алып Фараби төрден орын,
Отыртыпты осылай таққа таман.

Менің әлі жеткен жоқ қияға әнім,
Бұл мысалды есіме жиі аламын.
Талай үйде болсам да қанша қонақ,
Төрге озудан сонша рет ұяламын.

Кішіліктен ешқашан жығылмайды,
Төмендетпе төріңді бүгін, жаным.
Баса-көктеп біреудің төріне озған,
Кейбіреуге қайнайды зығырданым.

Құр мақтаныш кеудесі толы құмар,
Қызықтырмас ешқашан мені бұлар.
Ұлы өмірдің көшінде лайықты,
Өзіне сай әркімнің орыны бар...

Өркениет дейді жұрт ол ғажап күн,
Жетегіне ергенім жөн бе, жаттың?!
Қартын төрге оздырып қасиетті,
Қадірлісін сыйлаған Мен – Қазақпын!

Сондықтан да біз үшін төрдің орны,
Құрмет тұтқан ерекше елдің елі.
Қадір тұтқан әр қазақ төрін үйдің,
Атам қазақ ендеше жөн біледі.

Дәстүріне болған соң сенімді еге,
Қазақ қадір тұтпасын төрін неге?!
Түптің түбі киелі төрде менің,
Болады орным өленде, өмірде де!

Толыбай
АБЫЛАЕВ,
Қазақстан
Жазушылар
одағының мүшесі



ОРАНИЕНБАУМДА ОЙҚАСТАҒАН ОҒЛАН

Арғы-бергі заманда “Приморье плацдармы”, “Ораниенбаум мүйісі”, “Тамеңгонт республикасы”, “Лебяжье республикасы”, “Кіші жер” деген түрлі аттармен танымал, Фин шығанағының түстік жағалауында жайғасқан Ораниенбаум плацдармындағы қанды қасап қырғында қазақтың саңлақ сұрмергені Дүйсенбай Шыныбеков ержүректігімен ерекшеленген еді. Ұлы Отан соғысының тарихын, оның ішінде 900 күндік Ленинград қоршауының қиямет-қайымын тексеріп-түгендеген зерттеулер осыны оқшаулап айтады.

ЖАМБЫЛМЕН
ХАТ ЖАЗЫСҚАН

Жанр деуге келер ме, келмес пе қайдам, бірақ «майдан хаттары» деп аталатын, соғыс тарихында елеуге, ескеруге тұрарлық қағазға таңбаланған әскери-әдеби құбылыс бар. Әдетте оның әр жолынан қайсар да қағілез жауынгердің жігерін жаныған жүрек дүрсілі, жан дірілі әлдебір әлеуетпен буырқанып, бұр-санып тұрады. Оқ бораған, от ораған қанды қырғында көлгір сөзімге, көпірме сөзге орын жоқ. Жүп-жұқа, жеп-жеңіл парақтар шойындай ауыр шындықтың салмағынан әл-сәтте жырытылып, жұмаланып кететіндей көресің. Бірақ тарихтың тезіне олар да сарбаз етігінің сірсіңдей төтеген, төзген; сөйтіп, сан шежірені сақтаған.

Аласапыран соғыстың ақиқаты: қазақ совет солдатты Сталинге сыйыңған, Жамбылға жүгінген. Жаннида жерлерде «темір тиранның» атын ұрандай айқайлап, танкінің астына түсуден тайынбаса, тағат тұстарда еліне қарай елеңдеген жас жігіттер жүз жасаған жырауға сәлемін жолдап, сырын жайған.

Солардың бірі – 2-ші екіпінді армияның Калинин атындағы, Қызыл тулы Ропшиндік 48-ші атқыштар дивизиясының 268-ші атқыштар полкының миномет взводының командирі, лейтенант Дүйсенбай Шыныбеков болатын.

Жамбыл атасына жүреқарды лебізін ол былай жеткізеді:

«Ленинград – бұл жаңа дәуірдің басы, бостандықтың бастамасы. Мен осылай түсінемін, Жамбыл ата! Сіздің маған жазған өлеңіңізді оқыдым. Сізге көп-көп рахмет! “Ленинградтық өренім” атты өлеңіңіз біздің жауынгерлердің басты ұранына айналды. Бөріміз жатқа айтамыз. Қазір де өлеңіңіз Ленинград көшелерінің көрнекті орындарына ілініп қойылған. Бұл өлең жауынгерлерге рухани жігер беріп, қанды қол майданға еріксіз ұмтылды. Фашистің оғы жанымдағы Жүсіпов деген қазақты жазым етті. Ол елу фашисті оққа ұшырып еді. Оның қабірінің басында командир винтовкасын маған беріп тұрып, “кегін қайтар досының” деген бір ауыз сөз айтты. Мен осы уақытта БКП(б) мүшелігінің кандидаттығына қабылданып, серт бердім, әрі сол сертімде тұрамын. Алдағы уақытта біздерге “Күйретіндер фашисті” деген өлең жазыңызшы, Жамбыл ата! Сәлеммен, Дүйсенбай Шыныбеков деген баланыз. 1942 жыл, 4 қараша, Ленинград қаласы».

Бұлдан білетініміз – Жамбылдың сайыпқыран сарбазға өлеңмен тілек өргені. Өкінішке қарай, оның нақты мәтіні мен мазмұны қандай болғанынан



Дүйсенбайға дем берген – жыр алыбы Жамбыл

бейхабармыз. Бірақ жалынына жалын, жігеріне жігер қосқаны анық. Намысын қайрайтын, нәтін қолдайтын тағы бір жыр сұрауы да тегін емес.

Оған абыз ақын былай деп жауап беріпті:

«Қадірмен ұлым, Дүйсенбай! Қанішер фашистерді аямай соға бер. Сен жауды неғұрлым көп жусатқан сайын Ұлы Жеңіске жол қысқара бермек. Сен қорғап жатқан Ленин қаласы туралы әлгі маған айтқан “Күйретіндер фашисті” деген жырдымды кешіктірмей жазып жіберемін. Көріскенше күн жақсы болсын, менің жас жерлесім! Жеңіспен оралатын бол! Атаң Жамбыл».

Ал Дүйсенбайдың қолға іліккен келесі хаты – сөзбе-сөз сәйкес болмағанымен, кейбір дерегі мен дәлдігінің айырмашылықтарына қарамастан, алдыңғысына үндес, үйлес жазылған. Бәлкі, тың мәліметтермен толықтырылып, далалық пошта арқылы қайта жөнелтілген болар...

«Сізге Ленин қаласын қорғап жатқан жауынгер қазақтың хаты құстай ұшып жетсін, - дейді ол, - Мен Сырдарияның жағасындағы Жуантөбе атты кішкентай ауылда тудым. “Ленинград” деген сөзді алғаш рет естігеніме де көп бола қойған жоқ. Қазір бұл қалаға жау басып кірді. Мен оның қорғанысында жүріп, екі рет жаракат алдым. Жарадар болған мені алып келгенде, үйлердің қабырғасынан “Ленинградтық өренім” деген сөздеріңізді оқыдым, Жамбыл ата! Сіздің сөздеріңіз менің жүрегімді жандырды, мен майданға жеткенше асықтым. Шайқас кезінде фашист оғы Жүсіпов деген қазақ жауынгерін мерт қылды. Ол 119 фашисті өлтірген болатын. Бейітінің басында командиріміз оның винтовкасын жоғары көтерді де, маған беріп, «кек қайтар!» деді. Мен өз достарым – қырғыз Шамировка, татар Харутдимовке, украин Матенкоға фа-



шистерді нысанаға дәл іліктіруді үйреттім».

Майдангердің жазбасынан өзіне ғана емес, өзгелерге де қатысты жайттарды жолықтырамыз.

Мысалы, хаттарының біріншісінде – 50, екіншісінде – 119 гитлершінің көзін жойған делінетін жойқын мерген Жүсіпов кім болды екен? Ол туралы там-тұм дерек табудың сәті түсті. Қазақшар (құжатта қате жазылғандықтан, шын атын біле алмадық – А.Ш.) есімді бұл боздақ Павлодар облысының Успенск ауданының тұмасы болып шықты. Дүниеге келген жылы – 1917. Әскери шені – ефрейтор. 1942 жылғы 15 ақпанда ерлікпен қаза тапқан. Майдандық «Отанды қорғауда» газетінің жазушысы, оның жолын жалғастырушы Дүйсенбай Шыныбеков «қысқа уақыт ішінде досының снайперлік винтовкасынан 68 фашисті жер жастандырған».

Татарстанның Бондюжск ауданы Плеево деревнясынан 1942 жылы он тоғыз жасында майданға аттанған Михаил Иванович Харутдимов 269-шы гвардиялық атқыштар полкының құрамында пулемет взводына жетекшілік жасап, кіші лейтенант шені иемденген. 1945 жылдың қаңтарында шайқас кешеді. Әкесінің аты – Исламов Нарутдин (баласымен аты-жөндеріндегі сәйкессіздіктің себебін біле алмадық; шамасы, «Харутдим» құжатта «Нарутдин» болып қате жазылса керек).

Сөйтіп, «Ленинградтық өренім» атты айбынды толғаудың авторымен «айшылық алыс жерлерден» қағаз бен қалам арқылы тебірене тілдеуді досқа қамқор, дұшпанға қатал жауынгер Дүйсенбай Шыныбековтың бойындағы қазақы өрлік пен өжеттікті шырықтыра, шындай түскені сөзсіз.



Қазақ мергенінен дөп атудың дәрісін алған украин Матенкоға қатысты мәлімет ұшырастыра қоймасқа та, қалған екі досының әрі қарайғы тағдыр-ғалайы жөнінде де сөз сабақтаудың реті бар.

1918 жылы Қырғызстанның Фрунзе облысының Каганович ауданына қарасты Белогорка селосында туып, 1940 жылғы қазанда Ош облысының Қызылқия қаласынан әскерге шақырылған аға сержант Ишеналы Шамиров атқыштар бөлімшесінің командирі болыпты. 1944 жылғы ақпанда әкесі Османқұлдың қолына тиген, 51441-ші далалық поштадан жолдаған соңғы хатынан кейін мүлде хабар-ошарсыз кеткен.

СЕРТІНДЕ ТҮРҒАН
СНАЙПЕР

Жанжігіт шалдың нағыз батыр немесі жорық дауылапты Жамбылға берген аңтынан өле-өлгенше айныған жоқ.

Сыр өңіріндегі Шиели ауданының Ақтоған аулында дүние есігін ашқан Дүйсенбай жиырма жасында, яки 1940 жылғы 20 қазанда Қызылорда медициналық училищесінің үшінші курсына оқып жүрген жерінен әскер қатарына шақырылып, Балтық бойындағы Таллин қаласында ірге тепкен кіші командирлер мен сұрмергендер даярлайтын бір жылдық арнаулы курсқа

базасы – Кронштадқа қарай жауды аттап бастырмағанымен қоймай, неміс армиясының үлере кері шегінуі де осы арадан бастау алды. Снайпер Дүйсенбай Шыныбековтың атағы сол алапты шарпыған шайқастар кезінде жайылды.

Оның баһадүр бейнесіне майдангер замандастары да, мәртебелі зерттеушілер де биік баға берген.

Мәселен, тарихшы П.С.Белан Дүйсенбай Шыныбековты «көрнекті мерген» дейді. Оның жазуынша, 1943 жылға дейін қазақтың бұл снайпері 172 немісті ажал құштырған және минометші мамандығын үздік меңгерген, сондай-ақ жау шебіне етпеттеп барып граната лақтырудың шебері атанған.

«Отан даңқы үшін» майдандық газетінің 1941 жылғы 21 қарашадағы санында Дүйсенбайды марапаттаған мазмұнды мақала басылса, «Отанды қорғауда» газетінің кезекті нөмірінде «аға сержант Шыныбеков рота минометімен 97 фашисті жер жастандырып, бақылау пунктін, екі тіркемелі арбасын, асханасын, мотоциклін талқандап және жаудың жиырма шақты оқ ататын нүктесін жойды», - деген жолдар жарық көріп, ол өлтірген гитлершілердің саны 165-ке жетті деген мәлімет ұсынылады.

Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетінің 1942 жылғы 5 желтоқсандағы санында жарияланған сағыныш хатында мергеннің өзі: «Менің сертім – Отанды қорғау жолындағы міндетімді абыроймен орындау. Осы күннің өзінде винтовкамен 74 фашисті, минометпен 100-ден артығын келмеске жібердім», - дейді.

Ал 1944 жылғы награда парағында былай делінеді: «Дүйсенбай Шыныбеков Ленинград майданында ауыр жаралы болды. Ол өзінің снайперлік винтовкасымен 172 неміс солдатты мен офицерін жойды. 1944 жылғы 13 наурызда Сооккол деревнясы маңындағы биіктік үшін айқаста жау жағының басым күшіне қарамастан, қарсы шабуылға шығып, дұшпанның бір станокты пулеметін және жиырмадан аса гитлершіл автоматшыны жойып жіберді. Іс жүзіндегі және жауынгерлік үлкен тәжірибесі бар Дүйсенбай әскери құрамды соғысқа мұқият әзірлеп, соның нәтижесінде оның взвод ең үздік атанып жүр. Шыныбеков бөлімшесін шайқаста өте шебер басқарады, өзі ерлік, батырлық және тапқырлық көрсетіп отырады».

Міне, осы мысалдардың өзі-ақ біздің кейіпкеріміздің қаншалықты мықты майдангер болғандығын көрсетсе керек.


... Айтпа кетерлік нәрсе, Дүйсенбай Шыныбековтың жауынгерлік жолы Эстонияда басталып, Эстонияда бітіпті.

1944 жылғы 28 шілдеде жау оғынан жантәсілім еткен есіл ерге Нарва ауданына қарайтын Корья деревнясының солтүстік-шығысына қарай бір шақырым жерде орналасқан орманшының үйі маңынан бақилық топырақ бұйырыпты.

Әкесі Дүйсеков, інісі Құзғамбай да майдан даласынан орамалтты.

«Батырдың басы қайда қалмаған» десеңізші...

Амантай ШӨРП
филология ғылымдарының
докторы,
ҚРҰҒА көреспондент мүшесі



КЕНГЕ БАЙ, ҚАЗЫНАЛЫ ӨЛКЕ

Сарыарқаның ұсақ шоқылы, сәл белесті жазығының орта тұсында орналасқан. Қиыр батысын Торғай қолатының шығысы мен Тұран ойпатының солтүстік-шығысы, солтүстігінде Теңіз – Қорғалжын ойысы, Есіл жазығы, Ерейментау, Қызылтау және басқа ұсақ таулар алып жатыр. Ал шығысында Ашысу, Дағанделі өзендерінің аңғары, оңтүстігінде Бетпақдала сазды шөлі мен Балқаш көлі бар. Бедері негізінен ұсақ шоқылы, төбелі-белесті болып келеді.

Қарағанды қаласы – бұл индустриалдық орталық, теміржол мен әуе жолының аса маңызды торабы, ғылыми мен мәдениеті дамыған қала. Сонымен бірге туристік-экскурсиялық аймақтың қайнаған ортасы. Өзінің экономикалық, ғылыми және мәдени әлеуеті бойынша Қарағандыда көмір өндіретін ірі кәсіпорындар, машина жасау, металл өңдеу және тамақ өнеркәсібі, сондай-ақ көптеген көлік және байланыс кәсіпорындары жұмыс істейді. Қаланың іргесі шахтерлер кентінің негізінде қаланды. 1934 жылы әкімшілік-аумақтық болу туралы қаулы жарық көріп, Қарағандыға ресми түрде қала статусы берілді. Бүгінде облыс 9, аудандық 2 қалалық, әкімшілік ауданды бөлінеді. Сондай-ақ мұнда 11 қала, 39 кент, 168 ауылдық округ бар.

САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ
Қарағанды – түрлі өндіріс бағытындағы алып зауыттардың, көмір шахталарының, ірі жаңа құрылыстардың мекені. Бұл мекеннің тарихы дегенде алдымен қазақ әдебиетінің дарбазысы, академик-жазушы Ғабит Мүсіреповтің «Оянған өлке» романы еске түседі. Романда «Игіліктің қойын бағып жүріп, Байжанның баласы Аппак суыр інінен шеткі қашып қара тас көмірге кездесті. Салпақтатып суырлы қойнына толтырып алып тас көмір әкесіне әкеліп берді. Байжекен суырдың інін терендетіп қазып көрсе, әр жағы сіресіп жатқан тас көмір екен» деген жолдар Қарағанды тас көмірінің алғаш қалай табылғанын дәлелі. Өткен ғасырда Қоңырат, Жезқазған, Семізбұғы, Өспен және басқа жерлерде түрлі-түсті металдың мол қорының бары анықталған. Соғысқа дейінгі кезеңінен бастап ашылған көмір және түсті металл кен орындарының негізінде Орталық Қазақстанда Қарсақбай, Балқаш мыс қорыту зауыттары салынды. Сонымен бірге Қарағанды көмір бассейні игерілді.

Көмір – елімізден өндіріске шығарылған алғашқы пайдалы қазба. Сондықтан ел тарихымен етене жатқан өндіріс көзі десек болады. Қазакстанда 300 көмір кен орны мен 10 көмір бассейні табылған. Оның ішінде Қарағанды көмірі елімізде ашылған тұңғыш кен орны. Ол 1833 жылы табылып, 1855 жылы өндіріске қосылды. Қарағанды көмір бассейні ТМД-да ірі кеніш саналады. Қоры жағынан Кузбасс пен Донбасстан кейін үшінші орында. Мұндағы көмірдің бәрі – кокс көмір. Өлемдегі сапалы өнімнің бірі. Еліміздегі кен орындары – Қарағанды, Саран, Шахты және Абай. Көмір бассейнінің жалпы ауданы – 3600 шаршы шақырым. Терендігі 600 метрге дейін. Кей жері 800-900 метрге жетеді.

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҚТАР
Бүгінде Қарағанды облысы бойынша 55 ұлттық-мәдени орталық жұмыс істейді. Аса белсенді ұлттық-мәдени орталықтарға Қарағанды қаласы, Жезқазған қаласы, Сатпаев,

Теміртау, Бұхар-жырау аудандары кіреді. Оның ішінде Теміртаудағы киіз үй пішіндес мұражайды ерекше айтуға болады. Ол 2011 жылы Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени мұражайы болып ашылды. Қазақтың киіз үйі тәрізді ғимараттың әдемілігі сонша, көгілдір түсті үлкен әрі жылтырап тұрған шатыры алыстан назар аудартады. Замануи үлгіде салынған мұражайдың сыртқы келбетінің өзі тарихтан сыр шертіп тұрғандай көрінеді.



ҚАЛАМҒЕРЛЕР ШЫҚҚАН МЕКЕН

Қазақ елі қай заманда да ақын-жазушы, дарынды қаламгерге кенде болмаған. Оның ішінде Қарағанды өңірінен шыққан қазақ жана әдебиетінің негізін салушы, мемлекеттік қайраткер – Сәкен Сейфуллинді ерекше айтуға болады. Сонымен бірге қазақ әдебиетінің классик жазушысы, көркем сөздің хас шебері атанған – Ғабиден Мұстафин, Қазақстан Жазушылар одағы және Қазақстан Журналистер одағы сыйлықтарының лауреаты – Ақселу Сейдімбеков тағы да басқа ақын жазушылар осы топырақтан түлеп ұшқан.



ҚАСИЕТТІ ҚАРҚАРАЛЫ

Қарағанды облысы еліміздің қасиетті жерлері мен шежіреден сыр шертеді. Солардың бірі Қарқаралы қаласы табиғаты асем қасиетті жер. Оның сұлулығын «Қазақстанның Швейцариясы» деп атауға болады. Арқаның кербез сулу, кие қонған құт мекені. Ғажайып сұлулықтың тәж ордасы. Қазақтың шежірелі тарихы. Бұл тоғайлы арал көне таулармен Орталық Қазақстанның ұшы-қиырсыз даласында, мәңгі жасыл қарағайларымен, таза кәусар көлдерімен, сыңғырлаған өзендерімен, ертегідей шатқалдарымен және қайталанбас жартастарымен орналасқан.

Қарқаралы өңірі табиғат пен тарихты сүйетіндер мен демалушылар, қонақтар және туристер үшін ерекше қызығушылық танытатын өзінің көркемдігімен дараланады. Таулы өзендер, дала және тау көлдері, бай

флорасы мен фауналары – осының бәрі Қарқаралыны керемет тартымды етіп көрсетеді. Бүгінде бұл аймақ облыстың экономикалық және мәдени өмірін дамытудағы маңызды орын алатын Қарағанды облысындағы ең көне қала.

Оның тарихы тау өзені алабындағы шағын алқаптан басталып, 1824 жылы қамал салынып, ал үш жылдан кейін ол қазақ станицасына айналған. 1869 жылы Қарқаралы уездік орталық болған. Ол арқылы

ұлы керуен жолы Орталық Азиядан Сібірге-Ұлы Жібек Жолы, сондай-ақ атақты Қоянды жәрмеңкесі өткізіліп тұрған. Қарқаралының аса маңызды орындарына тарихи орындар мен ескерткіштер жатады. Қазір мұнда батырлар аллеясы, «Байтерек» Даңқ галереясы, Мәдениет арнаған ескерткіш, МИГ әскери ұшағы қойылған «Сарыарқа ұшқышы» арналған Даңқ мемориалдық кешені бар.

Сондай-ақ мұндағы мемлекеттік ұлттық табиғи саябақты білмейтін қазақ кемде-кем. Ол 1998 жылы Қарағанды облысының шығыс шетінде бой көтерген. Саябақтың көрікті жерлеріне көлдер, ормандар, емдік сулы булақтарымен және флора мен фауна жатады. Ауданы 90 гектардан

асатын қорық аумағына бес ірі тау топтары шоғырланған. Атап айтқанда, Айыртау, Бұғылы, Кент, Мөтен және Шаңқоз. Ең жоғарғы шыңдар Кент жүйесіне кіреді. Үш шамадан 1400 метрді құрайды. Өрбір тауға – Кендара, Кенгір, Аюшат, Өзен сияқты су көздері іргелес жатыр. Саябақтың тағы бір ерекшелігі – Қызыл-кент сарайы. Бұл Қазақстан аумағында рухани дамуды зерттеу үшін өте маңызды. Сарай будда храмына тән сәулелік құрылысқа ие. Сондықтан ол тарихшылар мен діни ғалымдар арасында үлкен қызығушылыққа ие. Бұл саябақ белсенді туризм үшін таптырмас мекен. Бір сөзбен айтқанда, денені сауықтыру және организмді таза тау ауасымен және емдік суларымен емдеуге арналған ерекше орын.

Мұнда сүтқоректілердің 45 түрі, құстың 120-дан астам түрі, бауырымен жорғалаушылардың 6 түрі,

қос мекенділердің 2 түрі және балықтың 15 түрі бар. Сонымен бірге тоғайды құрайтын тұқымды қарағайлар, қайыңдар, көктеректер, саңырауқұлақтың 18 түрі және тағы да басқа түрлері жетерлік. Бақтың аумағында табиғаттың 6 ескерткіші бар. Олар Шайтанкөл, Бассейн көлі, Үш үңгір, Үлкен төлем, Сібір шыршасы, Сібір бал қарағайы. Ауданда демалыс үйлерінің жүйесін дамытумен қатар экологиялық және этнографиялық туризмнің дамуы үшін жақсы жағдай жасалған. Бүгінде Қарқаралы – облыстың және республиканың демалатын сүйікті орнына айналды.

ТАБИҒАТТЫҢ ТЫЛСЫМ СЫРЫ

Қарқаралы қаласынан солтүстік бағытта 3 шақырым жерде, Мәліксай шатқалының ішінде орналасқан үш-үңгір деген жер бар. Шатқалдың етегімен ағып жатқан Тасбулақ бұлағы жоғары қарай бойлай жүріп отырып, оң қапталдағы құз жартастардың жоғарғы жағында орналасқан Үш үңгірдің орнын кезіктіруге болады. Халық арасында «Үш үңгір» аталу себебі де сондықтан. Олар орналасқан жердің табиғаты тұмса, қалың орман, сарқыраған бұлағы мен көз тартар таулы жыртастары бар, адам өміріне зиян емес.

Тау жыныстары гранитті тақта тастардан түзілген. Осы тастардың арасында табиғи жағдайда қалыптасқан үш үңгірлі алғашқы адамдар мекен еткен. 1947 жылы Мәліксай шатқалында Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің қызметкерлері зерттеу жұмыстарын жүргізіп, үңгірлердің өлшемдерін анықтаған. Ортасында орналасқан үлкен үңгірдің аумағы шамамен 40 шаршы метр, биіктігі 3-4 м, ішіне 10-12 адам еркін сыйып кетеді. Қалған екі үңгір шағындау келген. Үңгірлердің аумағынан үй жануарларының сүйектері мен тас қырғаштар табылған. Академик Ә.Х.Марғұлан Қарқаралы өңірінде жүргізген зерттеулер барысында осы төңіректең алғашқы адамдардың тұрақтары мен қоныстарын анықтаған. Ежелгі тас дәуірінде адамзат баласына тұрақ болған тас үңгірлер бүгінгі таңда қызықты зерттеу алаңы, тарихи мекен, көпшілік келіп тамашалайтын туристік нысан ретінде белгілі болып отыр.

ҰЛТ ҰЯСЫНДАҒЫ КИЕ

Мұнда елімізге белгілі Жошы хан және Домбауыл мен Өулие тау кесенелері бар. Жошы хан кесенесі Қарағанды облысының Ұлытау ауданында, Жезқазған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 шақырым қашықтықта орналасқан. Аңыздарға сай кесенеді Шыңғыс ханның үлкен ұлы жерленген. 1982-ші жылдан бастап ескерткіш мемлекет қорғауына алынған. Ал, Домбауыл кесенесі, көптеген ғалымдардың пікірінше, Орталық Қазақстанда орналасқан ең көне ескерткіштердің бірі болып есептеледі. Домбауыл кесенесі исламға дейінгі кезеңге жатады. Ол киіз үй пішіндес салынған, және де ортаазиялық сәулелі ескерткіштерінен анағұрлым ерекшеленді. Кесене тас тақталардан салынған. Сонымен қатар, Өулие тау – Сарыарқа көне тау сілемдерінің Ұлытаудағы ең биік нүктесі. Үш кесене де – қазақ даласының нағыз мәдени-тарихи және әдеби мұрасы. Біз Ұлытаудағы киелі мекендерге алдағы уақытта газет арқылы сапарлайтын боламыз.

Дайындаған:
Ақмарал ҚАДЫРХАН

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ!

– Азамат, ертең қи оямыз, – деді Жұман көке.

– Жарайды. Өткен жолғыдай тік күрек пен айырды дайындап қоярмын, – деп жауап берді он үш тегі Азамат.

– Апаңа айт, аздап айран мен шалап әзірлесін.

– Мақұл, көке!

Жұман өзі бір көп сөйлемейтін, айтар сөзін нақты жеткізетін істің адамы еді. Баласының үлкені Азамат екеуінің бұл жолғы әңгімесі де осылай қысқа болды. Азамат тек қи оюға баратынын және жұмыстың ұзаққа созылатынын түсінді. Себебі, әкесі айран мен шалапты жұмыс ауқымы көп болса ғана ала шығатын.

Өткен күнде белгі бар

Таң атар-атпастан баласын оятып, керек-жарағын алған Жұман урал мотоциклін отандырып, ауылдағы сиыр фермасының ескі қорасына қарай тартты. Азаматтың әлі ұйқысы да ашылмаған. Бір қолында айраны, бір қолында нан. Мотоциклдың лелкасында отырған ол фермаға жеткенше нанын жеп, түйіліп қалмайын деп айранын ұрттап келеді. Урал мотоциклге жегілген тіркемеде жүзі өбден қайраған тік күрек пен айыр тұр. Бұл Жұманның қи оюға дайындалған сайманы еді. Күрек пен айыра қараған Азаматтың өткен жолы қалай қи ояғаны есіне түсті. Сол кезде көкесі оған қиды қалай оятынын, оның қаншалықты пайдасы барын айтқан. Тігті өзінің қазір жеп келе жатқан наны да қиға көмілген табада пісірілгенін ойлаған Азамат «малдың тезегіне дейін пайдалы екен ғой» деді іштей.

Осындай ойдың жетегімен келе жатқанда жежелі жерге де жетті.

– Уралды мотоцикл демесең, анау-мынау мошинненен артық жүреді, – деді Жұман. Заттарды түсіре бер, деп сөзін қайта жалғап, ескі ферманың қиын оятынын айтты.

Қи оюға кіріскеннен Жұман баласына мал ұстаған қазақтың тыныс-тіршілігін, көшпенді өмір сүрген кешегісін, төрт түліктің бүгінгі күтпін сөз етумен болды.

– Балам, Қазыбек би бабамыз бір замандарда жонғар билеушісіне: «Біз қазақ деген мал баққан еліміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан еліміз. Елімізден құт-берекке қашпайын деп, жеріміздің шетін жау басыпсан деп найзаға үкі таққан еліміз; ешбір дұшпан басынбаған еліміз, басымыздан сөзді асырмаған еліміз. Досымызды сақтай білген еліміз, дәм-тұзын ақтай білген еліміз...», – деген. Бірақ мал бақтық екен деп арымызды саудаға салған жоқпыз. Кеңес үкіметі орнағанша жеріміздің бір қарысын да жауға бермеген еліміз. Қазақ амандақанда да «мал-жан аман ба» деп сәлемдеселі. Мұның сыры да, құны да теренде жатыр. Бір білетінім, қазақ төрт түлікті ерекше қадірлен, бабына келтіріп, баға білген. Жылқыны жансерігіне балаған. Түйені қасиетті санап, оның шудасын аяқ асты етпеген. Қазір қарап отырсақ, сиырдың өзіне сұраныс көп. Қой-ешкі дегенді уақ мал дейміз-ау, бірақ көп адамның сол уақ малға да қолы жетпей жүр. Мал деген жақсы ғой, мінсең көлік, ішсең суың, жеңсең ет. Қазір екеуміз қиын ойып жатырмыз. Сонда төрт түліктің қиына дейін пайда болып тұр ғой.



Әкесінің бұлай ашыла сөйлегенін Азамат осындай сәттерде ғана көреді. Бұл жолы әкесі екі аяқтыңа сөз бермес шешен болып кеткен бе, қалай өзі?! Өңгіменің ауаны тарихтан тартқан Жұман сөзінің соңы қазақтың төрт түлікке деген сұранысымен байланыстырды. Қаншалықты әңгіме айтса, соншалықты қимылдап жатыр. Мұнысы ұлына үлгі болсын дегені.

– Өке, дұрыс айтасыз, малдың пайдасы көп қой. Біз ойған қиға апаң мен пісіреді. Ошаққа да пайдаланады. Кешкісін масалан қорғану үшін түтіндік істейміз, – деді Азамат.

Баласының қиды не үшін ойып жатқанын жақсы білетінін түсінген Жұман іштей сүйсінді. Алайда онысын білдірген жоқ. Қайта баланың білгені жон деп әңгімесін ары қарай жалғастырды.

– Азамат, мал терісін өңдеуде бұрын қазақтың алдына түсетін ұлт жоқ еді. Осы даланың тұрғындары алғаш болып жылқыны қолға үйреткен. Бір замандарда түркі баласының біріккен әскері Еуропаға атпен кіріп барғанда ондағы жұрт не істерін білмей, әбден дегбей қашқан ғой. Жарықтық, қойдың жүніне дейін қалғанды жарайды. Сабап, түтіп, ұршықпен іріп жіп етіп, киім тоқимыз.

– Дұрыс айтасыз, әке! Өжем тоқыған жемпір елі тозған жоқ. Келер жылы тағы киюге болады. Қолғап пен жүн шұлық та қалың.

– Иә, балам, оның рас. Қойдың жүнінен текемет те басамыз. Ол қандай суық болса да сөз өткізбейтін қасиетке ие. Ал малдың сүті, сүттен жасалған өнімі сан түрлі дертке шипа. Осыны есіңе жақсылық тоқы.

Өке мен баланың арасындағы әңгіме осылай өрбіді. Азамат осындай сәттерде әке тәлімін алып, бабалар өмірінен сыр шертетін небір есті әңгімелерді естін. Әкесі бір жерге барамыз десе қуанып, бұрынғыдан артық жұмыс істеуге тырысатын. Талай рет бірге қой бақты. Таудағы жылқыларды ауылға бірге қайырды. Сондай сәттерде өмірлік сабақ болар кеңес тыңдады. Мал баққан қазақтың тірлігі қандай болатынын ұғынды.

Р/с: Осындағы Азамат біз боламыз. Өткенде ауылға барып, баяғы қи ойған сәттерді еске алдық. Ағамның үйінде бауырымымен бірге сол балаң кездегі қайталанбас шақтарға оймен саяхат жасадық.

Ә.ЖҰМАДІЛДӨУЛЫ

ЕҢ, ЕҢ, ЕҢ... ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ СУЫ МОЛ ӨЗЕН

Жер шарындағы ең суы мол өзен – 7,2 млн шаршы метр суы бар Амазонка өзені. Ол Оңтүстік Америкада орналасқан. Өзен арнасымен 1541 жылы алғаш рет испан конкистадоры Ф. де Орельяк саяхат жасаған. Жергілікті тұрғындар Амазонка өзенін Парана-Тинга (Ақ өзен) және Парана-Туасу (Ұлы өзен) деп атайды.

Өзеннің ұзындығы Укалия бастауынан есептегенде 7000 шақырымнан асады. Ол батпақтанған жазықпен, ылғалды экваторлы ормандардың арасымен ағады. Өзенге көптеген сала құяды және олардың 20-ға жуығының ұзындығы 1500-3500 шақырымды құрайды. Амазонның салалары бір-бірінен тек мөлшерімен мен сулығы жөнінен ғана емес, судың түсімен де ерекшеленді. Өзеннің гидрологиялық тәртібі өте күрделі және ерекше болып келеді. Алаптары екі жарты шарда орналасқан өзенде жылдың түрлі мезгілінде жауын-шашынның аз не көп жаууына байланысты түрлі тасқын болады. Өзеннің орташа су шығыны секундына 175 000 текше метр, ал орташа жылдық ағындысының көлемі 5520 текше шақырым шамасында.

Әлемдегі өзендердің жалпы жылдық ағындысының 15-17 проценті осы өзеннің үлесінде. Амазон өсімдік және жануарлар әлемі өте бай. Мұнда балықтың 2000-ға жуық түрі бар. Өзеннің басты арнасы құйылысынан 4300 шақырымға дейін кеме жүзсе, құйылысынан 1690 шақырым қашықтыққа дейін үлкен мұхит кемелері жүзе алады.

А.БІРКЕНОВ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан БӨЙМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жұргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптақалы 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтерді нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4843 Тапсырыс №857

Нөмірдің кезекші редакторы Жарасқан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ